

*Үлгерімі төмен  
оқушылармен жұмыс*



## Үлгерімі төмен оқушылар туралы мәлімет

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Қиындық түрі	Көмекші оқушылар
1	Хусенбай Іңкәр	1 «Б»	Әдебиеттік оқу	Ибайдулла Ж.
2	Бақытұлы Али	1 «Б»	Әдебиеттік оқу	Асубек А.


## Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс

№	Жүргізілетін жұмыс	Күні	Жауапты
1	Үлгерімі төмен оқушылар туралы мәлімет		
2	Оқушыға арнап күнделік жүргізу немесе журнал арнау		
3	Ата-анасымен пікірлесу		
4	Ата-анасының сабаққа қатысуын қадағалау		
5	Үйірмелерге тарту		
6	Жеке тапсырмалар беріп, орындалуын қадағалау, нәтижесін саралау		
7	Сынып белсенділерінің қатарына қосу		
8	Бос уақытында немен шұғылданатынын бақылау		
9	Бірге жүрген достарының пікірін тыңдау		
10	Қай пәнге ықыласты, ықылассыз екенін бақылау		
11	Оқушының ықыласын ояту арқылы табиғи дарынын анықтау, дамыту		

# Үлгерімі төмен оқушылардың тізімі 2014 – 2015 оқу жылы

Р/с	Оқушылардың аты – жөні	Сыныбы
1	Хусенбай Іңкәр	2 «Б»
2	Сырлыбай Әбілмансұр	2 «Б»

Сабақ кестесі  
Аптасына бір рет  
Сенбі 12.30 – 13.30



## Оқушы үлгермеушілігінің себептері

- жекелеген мұғалімдердің сабақтарының сапасыздығы, жаңа материалды тиісінше түсіндіре алмауы, бекіту жұмысының әлсіз жүруі, оқушы білімін есепке алудың болмауы, мұғалімнің тиісті дәрежеде талап етпеуі:
- үй тапсырмасын орындау жұмысын дұрыс ойластырмау және тыңғылықты тексерудің болмауы.
- мұғалімдердің өз оқушыларын дұрыс білмеуі, жеке жұмыстың болмауы, танымдық қызығуын дамыта алмауы.
- тәрбие жұмысындағы олқылықтар, оқушылардың сабақтағы нашар тәртібі, өз міндеттерін саналы түрде түсінбеуі. Мектеп әкімшілігі тарапынан тәртіп бұзушыларға уақтылы және тиісті шара қолданбауы:
- бағалаудағы біржақтылық:
- оқыту мен тәрбие үрдісінде сабақтастықтың болмауы:
- сабақтан жиі қалуы:
- оқушының ауырып қалуы.

## Үлгер мейтін оқушылардың қалыпты көзқарасын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жүйесі

Жұмыс кезендері	Бірінші кезең	Екінші кезең	Үшінші кезең	Төртінші кезең
<b>Қалыптасуға тиіс көзқарас</b>				
Оқу материалының мазмұнына көзқарас	Ең оңай қызықты материал (маңыздылығына қарамастан)	Маңызы бар материал	Маңызы негізгі, бірақ қызықсыз материал	
Оқу үрдісіне көзқарас	Мұғалім - әрекет етуші, оқушы - қабылдаушы	Мұғалім жетекшілік атқарады, оқушы үрдістің жекелеген кезеңдерінде ғана қатысады	Оқушы жетекшілік етеді, мұғалім үрдістің жекелеген кезеңдерінде ғана қатысады	Оқушы өз бетімен әрекет етеді
Өзіне, өз күшіне деген көзқарас	Көп күшті қажет етпейтін жұмыстар кезіндегі табыстарын мадақтау	Азғантай қана күш қажет жұмыс кезіндегі табыстарын мадақтау	Көп мөлшердегі күшті қажет ететін жұмыс кезіндегі табыстарын мадақтау	
Мұғалім, ұжымға көзқарасы	нейтралитет	Мейірбандылық, көңіл бөлу, көмек беру, жаны ашу	Көмек берумен қатар өзіндік пікірінің болуы	

## Үлгер імі төмен оқушылармен жұмыс

1. Оқу материалдарының таным-түсінігіне сәйкес болуы.
2. Ең оңай, қызықты материалды ұсыну.
3. Өзіне, өз күшіне сенуге үгіттеу.
4. Мұғалім және ұжым мейірбандылық көрсету.
5. Оқушының көңіл-күйін қадағалау, үнемі бақылауда ұстау.
6. Ұжым болып көмектесу.
7. Ұжым – пән-мұғалім-оқушы-ата-ана арасында тығыз байланыс болу керек.
8. Үлгерімі нашар оқушыларға көмек көрсету.
9. Оқушының жұмыс кезіндегі азғантай табысын мадақтау.
10. Өз ойын, пікірін еркін айтуға тәрбиелеу.
11. Оқушы еңбегін әділ бағалау.
12. Қатемен жұмысты жиі жүргізу.
13. Сыныпта достық қарым-қатынас орнату.
14. Тақта алдында немесе жауап беру кезінде оқушыға көмекші құралдар.
15. Оқушының жауабын көтермелеу.
16. Жаңа тақырып бойынша оқушыны әңгімеге тарту.
17. Оқушының жұмыс жылдамдығын ескерту.
18. Өзін-өзі тексеруге бағалауға мүмкіндік беру.
19. Үлгерімі төмен оқушыларға жеке тапсырмалар даярлау, ұсыну.
20. Бақылау картасын жасау.
21. Тірек конспектілерін, карточкаларын пайдалану.
22. Жеке және топтық кеңестер беру.
23. Үй тапсырмасын орындауға көмектесу.
24. Үйірмелерге шығармашылық жұмыстарға тарту. (шефке алу).
25. Ата-анасына талаптарды түсіндіру, педагогикалық сауаттандыру.

## Оқушылардың мінез-құлқы туралы мінездеме

1. Ата-анасының қарым-қатынасы.
2. Оқу материалдарын игере алмауы.
3. Жазу мәдениетінің қалыптаспағандығы.
4. Оқушы дамуының артта қалуы.
5. Ерекіше тежелуі.
6. Нерв жүйесінің бостығы.
7. Психикалық міндетінің өз бетінше жеткіліксіздігі.
8. Оқуға ынтасының нашарлығының себебі.
9. Интеллектуалды іс-әрекетінің бұзылуы.

### Үлгерімі төмен оқушылармен жүргізілетін жұмыс

Жұмыс түрлері	Қашан ?	Не үшін?	Не жүргізеді?	Қалай?
Сабак үстіндегі жұмыс	Оқушының даму деңгейін әрі қарай дамуының жақын аймағын анықтау. Үнемі оқушының пәндерді меңгеруін, нәтижелерін есепке алып отыру, диагностикалау.	Ақыл ой дамуының артта қалмауы үшін, пәнді мезгілінде оқып отыру үшін.	Сыныпта микроклимат жасау. Іс-әрекетті алгоритмдеу. Сабактан қалуға байланысты білімдегі олқылықтарды болдырмау. Қызығуды арттыру. Оқытудың мотивтерін қалыптастыру.	Бақылау картасы. Жұмысқа жаппай сұрауды қосу. Топтарда жұмыс істеу, дайындық кеңестері, білімді түзету сабақтары, тірек конспектілері, пәндер бойынша жадынамалар, карточкалар.
Сабактан тыс жұмыс	Қиындықтар туған кезде: 1. Жаңа материалды меңгеру кезінде; 2. Білімдегі олқылықтарды орындаған кезде.	1. Үлгермеушілікті болдырмау. 2. Білімдегі олқылықтарды жою. 3. Оқу мотивтерін, қызығушылықтарын қалыптастыру.	Нашар үлгермеушілермен жұмыстағы жеке тұлғалық әдіс.	1. Жеке және топтық кеңестер. 2. Үй тапсырмасын орындауға көмектесу. 3. Үйірмелерге қатысу, шығармашылық тапсырмалар.
Тәрбие жұмысы	Пән мұғалімдерінің бақылауына үнемі сүйене отырып.	1. Оқушының жеке тұлғасын қалыптастыру. 2. Оқу мотивтерін, қызығуын қалыптастыру.	1. Жеке-тұлғалық әдіс. 2. Мәдениетті орта туғызу.	1. Үйірмелерге жорықтарға, өзін-өзі басқаруға тарту. 2. Сынып сағаттарын өткізу. 3. Қызығуына сүйену.
Ата-аналармен жұмыс	Үй тапсырмасын орындамағанда, сабактан қалғанда, т.б. Жұмыс үздіксіз жүреді.	Ата-аналарға педагогикалық көмек көрсету. Үлгермеушіліктің себептерін анықтау. Балалардың біліміне деген бірыңғай талаптардың сақталынуы.	Оқушылардың түрін және үлгермеу себептерін анықтау. Үлгермеушілікті болдырмау жөніндегі ата-аналарға кеңес.	Ата-аналарға талаптарды түсіндіру. Ата-аналарды педагогикалық сауаттандыру. Түзету жұмыстары. Жеке жұмыстар.



## **ҮЛГЕР ІМІ ТӨМЕН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҰМЫС**

### **МАҚСАТЫ:**

Үлгерімі төмен оқушылармен жыл бойы жұмыс жүргізе отырып, қабілеті төмен оқушылардың жеке тұлғалық мүмкіндіктерін ашуға көмектесу, пәнге деген қызығушылығын арттыру, мемлекеттік білім стандарттарын меңгерту.

### **МІНДЕТТЕРІ:**

1. Әр сыныптағы үлгерімі төмен оқушыларды анықтау.
2. Мемлекеттік білім стандартын меңгерте отырып, жыл бойы жұмыс жүргізу арқылы үлгерімін жоғарылату.
3. Үлгерімі төмен оқушыларға психологиялық-педагогикалық көмек көрсету.

### **НЕГІЗГІ ПРИНЦИП:**

Нақты баламен жеке сыйластық және сенімді қарым-қатынас орнату.

### **БОЛЖАМДАП ОТЫРҒАН НӘТИЖЕ:**

Оқу бағдарламасына сай білімді өз дәрежесінде меңгерген, ұлттық сана сезімі жетілген және ішкі жан дүниесін тануға, өзін өзгелермен салыстыруға мүмкіндігі қалыптасқан тұлға.

1. Нашар үлгермеуші оқушыларды пән бойынша әр сыныптан анықтау, жүргізілетін жоспарды құру.
2. Жазуға байланысты жүргізілетін жұмыстар, (көшіру, есте ұстау арқылы көшіру, т.б.)
3. Диктанттар (ескерту, іріктету, түсіндіру, шығармашылық, ерікті, т.б.)
4. Сурет бойынша әңгіме.
5. Сөздік жұмысын жүргізу.
6. Оқушылардың оқыған ғылыми әңгімелеріне байланысты мәтін жазу.